




FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

1 сынып

1. Аулада бірнеше үйрек жүр. Бұл үйректердің аяқтары мұрындарынан 9-ға артық. Аулада неше үйрек жүр.
Во дворе гуляют несколько утят. У этих утят лап на 9 больше, чем носов. Сколько утят во дворе?

2. Суретте қанша квадрат бар?




Сколько квадратов можно найти на рисунке?

3. Үйде 12 бөлме бар және әр бөлмеде екі терезеден бар. Кешкісін 18 терезеден жарық көрінді. Қанша бөлмеде шам өшіп тұр?
В доме 12 комнат, и в каждой комнате по два окна. Вечером был виден свет в 18 окнах. В скольких комнатах свет не был включен?
4. №2 подъезде суреттегідей тақтайша тұр. Әр қабатта 4 пәтерден болса, 27-пәтер қай қабатта орналасқан?
У подъезда №2 висит табличка (см. рисунок). На каком этаже находится квартира с номером 27, если на этаже по 4 квартиры ?

ПОДЪЕЗД № 2
КВ. 17–32

5. Бір қатарда 19 сан тұр, олардың кез келген екі көршілес сандарының қосындысы 13-ке тең. Екінші сан 5-ке тең. Соңғы сан неге тең?
В ряду 19 чисел таких, что сумма любых двух соседних чисел равна 13. Второе число равно 5. Чему равно последнее число?
6. Екі жәшікте 18 таракан бар. Бір жәшіктен екінші жәшікке 6 таракан өтіп кеткенде, жәшіктердегі олардың саны тең болды. Бірінші жәшікте бастапқыда қанша таракан болған?
В двух ящиках было 18 тараканов. Когда из первого во второй переползло 6 тараканов, то в ящиках стало поровну. Сколько изначально было в первом ящике тараканов?
7. Мадина бос дөңгелектерді сандармен толтырғысы келді, ол үшін бесбұрыштың барлық қабырғаларындағы үш санның қосындылары бірдей болу керек. Ол боялған дөңгелекке қандай сан жазу керек?
Мадина хочет вписать числа в пустые кружочки так, чтобы на всех сторонах пятиугольника суммы трех чисел были одинаковы. Какое число она должна вписать в закрашенный кружочек?





FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

8. Данияр, Айдын және Тамерлан Амина есімді сүйкімді қызбен танысты. Амина олардан есімдерін сұрады. Бірінші бала: «Мен Айдынмын» деді. Екінші бала: «Мен Айдын емеспін» деді. Ал үшінші бала: «Мен Данияр емеспін» деді. Тек Тамерланның ғана шындықты айтқаны белгілі. Сонда бірінші баланың, екінші баланың, үшінші баланың есімдері кім болғаны? Жауапты түсіндіріңіз.

Данияр, Айдын и Тамерлан знакомятся с красивой девочкой Аминой. Амина спросила их о том, как кого зовут. Первый мальчик ответил: «Я – Айдын». Второй сказал: «Я – не Айдын». А третий: «Я – не Данияр». Известно, что только Тамерлан сказал правду. Как на самом деле зовут первого мальчика, как – второго, а как – третьего? Ответ объясните

9. Отбасында көп бала бар, бірақ қыз біреу ғана. Бір күні ол өзінің жасы бауырларының жастарының қосындысына тең екенін байқады. Екі жылдан кейін оның жасы осы қосындыдан 8 жылға аз екенін білді. Отбасында барлығы неше бала бар? Жауапты түсіндіріңіз.

В семье много детей, но девочка только одна. Однажды она заметила, что её возраст равен сумме возрастов её братьев. Через два года она с удивлением поняла, что её возраст на 8 лет меньше этой суммы. Сколько всего детей в этой семье? Ответ объясните

10. Балабақшада Сара, Алуа және Іңкәр үш тәрбиеші бар. Күнде дүйсенбіден жұмаға дейін олардың екеуі жұмыс істейді. Сара үш күн, ал Алуа төрт күн жұмыс істейді. Сонда Іңкәр қанша күн жұмыс істейді? Жауапты түсіндіріңіз.

В детском садике работают три воспитательницы: Сара, Алуа и Инкар. Каждый день с понедельника по пятницу работают ровно две из них. Сара работает три дня, а Алуа — четыре. Сколько дней работает Инкар? Ответ объясните



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

2 сынып

1. Ұлу 12 метрге өрмелеуі тиіс. Таңертең түске дейін ол 12 дм өрмеледі, ал түстен кейін шаршап, тек 12 см өрмеледі. Оған енді қанша сантиметрге өрмелеу керек?

Улитке нужно было проползти 12 метров. Утром до обеда она проползла 12 дм, а после обеда устала и проползла только 12 см. Какое расстояние ей осталось проползти в сантиметрах?

2. Периметрлері 12 см-ден болатын үш квадраттан тіктөртбұрыш құрастырылды. Тіктөртбұрыштың ауданын табыңдар.

Из трех квадратов с периметром 12 см сложили прямоугольник. Найдите его площадь.

3. Бір қатарда 29 сан тұр, олардың кез келген екі көршілес сандарының қосындысы 14-ке тең. Екінші сан 8-ге тең. Соңғы сан неге тең?

В ряду 29 чисел таких, что сумма любых двух соседних чисел равна 14. Второе число равно 8. Чему равно последнее число?

4. Екі санның қосындысы 189. Бірінші сан 2 цифрымен аяқталады, егер осы цифрды өшірсек, екінші сан шығады. Осы сандардың айырмасы неге тең?

Сумма двух чисел равна 189. Первое число оканчивается цифрой 2, а если эту цифру стереть, то получится второе число. Чему равна разность этих чисел?

5. Екі жәшікте 38 таракан бар. Бір жәшіктен екінші жәшікке 6 таракан өтіп кеткенде, жәшіктердегі олардың саны тең болды. Бірінші жәшікте бастапқыда қанша таракан болған?

В двух ящиках было 38 тараканов. Когда из первого во второй переползло 6 тараканов, то в ящиках стало поровну. Сколько изначально было в первом ящике тараканов?

6. Топта 19 бала бар: олардың 13-і робототехникаға, 11-і кеме құрастыру үйірмесіне барады. Алмат бірде бір үйірмеге бармайды, ал Даниил тек қана робототехникаға барады. Неше бала екі үйірмеге де барады?


В группе 19 мальчиков: 13 из них ходят на робототехнику, 11 — на моделирование парусников. Сколько мальчишек посещают оба кружка, если известно, что только Алмат не ходит ни в один из двух кружков и Даниил ходит только на робототехнику?



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

7. Мадина бос дөңгелектерді сандармен толтырғысы келді, ол үшін бесбұрыштың барлық қабырғаларындағы үш санның қосындылары бірдей болу керек. Ол боялған дөңгелекке қандай сан жазу керек?

Мадина хочет вписать числа в пустые кружочки так, чтобы на всех сторонах



пятиугольника суммы трех чисел были одинаковы. Какое число она должна вписать в закрашенный кружочек?

8. Айсұлтан, Бексұлтан және Нұрсұлтан олимпиадада бірінші, екінші және үшінші орын алды. Олардың әрқайсысы былай деді:

Айсұлтан: «Нұрсұлтан екінші орын алды».

Бексұлтан: «Мен үшінші орын алдым».

Нұрсұлтан: «Бексұлтан шындықты айтты».

Бұлардың біреуі өтірік айтқаны, екеуінің шындықты айтқаны белгілі болса, кім бірінші орын алды? Жауапты түсіндіріңіз.

Айсұлтан, Бексұлтан и Нурсултан заняли первое, второе и третье место на олимпиаде.

Каждый из них сказал одно утверждение:

Айсұлтан: “Нурсултан занял второе место.”

Бексұлтан: “Я занял третье место.”

Нурсултан: “Бексұлтан говорит правду”.

Кто занял первое место если известно, что один из них говорит ложь, а остальные - правду? Ответ объясните

9. Ринат 25 тізбектес натурал сандарды жазды. Сонда 71 цифр болды. Ринаттың жазған ең кіші саны неше? Жауапты түсіндіріңіз.

Ринат выписал 25 последовательных натуральных чисел. Оказалось, что 71 цифра. Какое наименьшее из чисел, выписанных Ринатом? Ответ объясните

10. Амир подъездге кіретін есіктің кодын ұмытып қалды. Кодтың 2, 3, 5, 7 төрт цифрдан тұратыны есінде. Амир 3725, 7523, 3257, 2537 төрт нұсқасын теріп көрді, бірақ ешқайсысы сәйкес келмеді. Осы нұсқаларда Амир әр цифрды өзінің орнына екі рет дұрыс жазғаны белгілі болса, дұрыс кодты табыңыз. Жауапты түсіндіріңіз.

Амир забыл код замка от двери в свой подъезд. Он помнит, что код состоит из четырех цифр 2, 3, 5, 7, и уже попробовал 4 варианта: 3725, 7523, 3257, 2537, но все они не подошли. Найдите правильный код, если известно, что каждую цифру Амир поставил на нужное место два раза. Ответ объясните



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

3 сынып

1. 2021 адам дөңгелек үстел басында отыр, олардың әрқайсысы әрдайым шындықты айтатын сері немесе әрдайым өтірік айтатын өтірікші. Әр адам өзі және көршілерінен басқалары туралы «Олардың бәрі- өтірікшілер» деді. Үстел басында неше сері отыр?

По кругу сидят 2021 человек, каждый из которых либо рыцарь, который всегда говорит правду, либо лжец, который всегда лжет. Каждый человек сказал обо всех, кроме себя и своих соседей: «Все они — лжецы». Сколько рыцарей за этим столом?

2. Төбет Шарик 3 м/с жылдамдықпен одан 2 м/с жылдамдықпен қашып бара жатқан Жучка мысықты қуып келеді. 2 минут 30 секундтан соң төбет мысықты қуып жетті. Қуғанға дейінгі олардың бастапқы арақашықтығы қанша метр болған?


Пес Шарик со скоростью 3 м/с догоняет кота Жучку, бегущего от него со скоростью 2 м/с. Через 2 минуты 30 секунд пес догнал кота. Сколько метров было между ними, когда началась погоня?

3. Цифрларының қосындысы 5-ке тең болатын неше әртүрлі үш таңбалы сан бар?

Сколько существует различных трехзначных чисел, сумма цифр которых равна 5?

4. Квадрат парактан квадрат пішінді бір бөлігін кесіп тастады. Суреттегідей фигура алынды. Оның төрт қабырғасының ұзындықтарының қосындысы 9-ға тең. Осы фигураның ауданын табыңыз.

От квадратного листа отрезали часть в виде квадрата. Получили фигуру, показанную на



рисунке. Длины четырёх её сторон равны 9. Чему равна площадь этой фигуры?

5. Екі санның қосындысы 674. Бірінші сан 3 цифрмен аяқталады, егер осы цифрды өшірсек, екінші сан шығады. Осы сандардың айырмасы неге тең?

Сумма двух чисел равна 674. Первое число оканчивается цифрой 3, а если эту цифру стереть, то получится второе число. Чему равна разность этих чисел?

6. Сыныпта 30 оқушы бар. Олар партаға екеуден отырады, әр ұл қызбен отырады және қыздардың жартысы ұлдармен отырады. Сыныпта неше ұл бар?

В классе 30 учеников. Они сели за парты по двое так, что каждый мальчик сидит с девочкой, и ровно половина девочек сидит с мальчиками. Сколько в классе мальчиков?




FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

7. Бірінші сан - цифрларының қосындысы екітаңбалы болатын екі таңбалы сандардың ең кішісі. Екінші сан - цифрларының қосындысы біртаңбалы болатын екі таңбалы сандардың ең үлкені. Осы екі санның қосындысы неге тең?

Самое маленькое из двузначных чисел с двузначной суммой цифр сложили с самым большим из двузначных чисел с однозначной суммой цифр. Что получилось?

8. Электронды сағаттың таблосы төрт бөліктен тұрады:




Ондағы цифрлар жанып тұратын таяқшалардан тұрады (әр таяқшаның ұзындығы тордың қабырғасына тең) және мына түрде көрінеді:



Сағат уақытты 00:00-ден 23:59-ға дейін көрсетеді. Қай уақытта жанып тұрған таяқшалардың саны ең көп болады?

Табло электронных часов состоит из четырех полей:



Цифры на них образованы светящимися палочками (длина каждой палочки равна стороне клетке) и выглядят так:



Часы показывают время от 00:00 до 23:59. Сколько сейчас времени, если светится наибольшее возможное число палочек? Ответ объясните.



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

9. Ринат 85 тізбектес натурал сандарды жазды. Сонда 187 цифр болды. Ринаттың жазған ең кіші саны неше? Жауапты түсіндіріңіз.

Ринат выписал 85 последовательных натуральных чисел. Оказалось, что 187 цифр. Какое наименьшее из чисел, выписанных Ринатом? Ответ объясните

10. Үш бала 120 фишканы бөлісті. Алдымен Дамир Фархад пен Дауренге өздерінде қанша фишка болса, соншадан берді. Сосын Фархад Даурен мен Дамирге қолдарында қанша фишка болса, соншадан берді. Соңында Даурен Дамир мен Фархадқа қолдарында қанша фишка болса, соншадан берді. Нәтижесінде бәрінің фишкаларының саны тең болды. Бастапқыда әрқайсысында қанша фишқадан болған? Жауапты түсіндіріңіз.

Три мальчика делили 120 фишек. Сначала Дамир дал Фархаду и Даурену столько фишек, сколько у них было. Затем Фархад дал Даурену и Дамиру столько, сколько у них стало. И наконец, Даурен дал Дамиру и Фархаду столько, сколько у них к этому моменту имелось. В результате всем досталось поровну. Сколько фишек было у каждого в начале? Ответ объясните



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

4 сынып

1. Алтынбектің сағаты 7 минутқа озып кеткен, ал ол сағатым 8 минутқа қалып қойған деп ойлап жүр. Алтынбек сағатына қарап, қазір тал түс деп шешті. Қазір сағат неше болды?

У Алтынбека часы спешат на 7 минут, а он думает, что они отстают на 8 минут. Алтынбек посмотрел на свои часы и решил, что сейчас полдень. Который сейчас час?

2. Алмас мотоциклмен 20 км/сағ жылдамдықпен тас жолға шықты. Старт нүктесінен 40 км және 55 км қашықтықта екі ауыл орналасқан. Старттан кейін неше минуттан кейін Алмастан осы пункттерге дейінгі қашықтықтардың қосындысы 15 км болады?

Алмас выехал на мотоцикле по шоссе со скоростью 20 км/ч. В 40 км и в 55 км от точки старта находятся две деревни. Через сколько минут после старта сумма расстояний от Алмаса до этих пунктов равна 15 км?

3. Амир подъездге кіретін есіктің кодын ұмытып қалды. Кодтың 2, 3, 5, 7 төрт цифрдан тұратыны есінде. Амир 3725, 7523, 3257, 2537 төрт нұсқасын теріп көрді, бірақ ешқайсысы сәйкес келмеді. Осы нұсқаларда Амир әр цифрды өзінің орнына екі рет дұрыс жазғаны белгілі болса, дұрыс кодты табыңыз. Жауапты түсіндіріңіз.

Амир забыл код замка от двери в свой подъезд. Он помнит, что код состоит из четырех цифр 2, 3, 5, 7, и уже попробовал 4 варианта: 3725, 7523, 3257, 2537, но все они не подошли. Найдите правильный код, если известно, что каждую цифру Амир поставил на нужное место два раза.

4. Бірінші сан - цифрларының қосындысы екітаңбалы болатын екі таңбалы сандардың ең кішісі. Екінші сан - цифрларының қосындысы біртаңбалы болатын екі таңбалы сандардың ең үлкені. Осы екі санның қосындысы неге тең?

Самое маленькое из двузначных чисел с двузначной суммой цифр сложили с самым большим из двузначных чисел с однозначной суммой цифр. Что получилось?

5. Өлшемі 4x5 тіктөртбұрышты бөлменің еденінде квадрат кілемдер жатыр. Өр кілем бөлменің бұрыштарына тақалып жайылған. Қабырғасы 3 метрлік үш кілем және 2 метрлік бір кілем. Кілемдердің 2 қабатпен қабаттасқан бөліктерінің ауданын табыңыз.

На полу прямоугольной комнаты размером 4 на 5 метров лежат квадратные ковры. Каждый примыкает к углу, каждый — к своему. Три ковра со стороной 3 метра, один — со стороной 2 метра. Найдите площадь, которая накрыта коврами ровно в 2 слоя.



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

6. Төбет пен мысық бір ұзын шұжықты әр ұшынан бастап жеп отыр. Төбет осындай шұжықты бір өзі 4 минутта жейді, ал мысық – 6 минутта жейді. Олар шұжықты бірге неше секундта жейді?

Пёс и Кот едят большую и длинную сосиску, начиная с разных концов. Пёс в одиночку съедает такую сосиску за 6 минуты, Кот — за 8 минут. За какое время они съедят сосиску вместе?

7. Айбек Маратұлының туған күнін – 1987 жылдың 25 маусымын 25.06.1987 түрінде сегіз цифрмен жазды. Бұл датада бірде бір цифр екі рет қайталанбайтынын байқаймыз. Осындай қасиеті бар келесі датаның алғашқы екі цифры қандай болады?

Дату рождения Айбека Маратовича записывают восемью цифрами 25.06.1987 — 25 июня 1987 года. Заметим, что в записи этой даты ни одна цифра не повторяется дважды. Какими будут первые две цифры в записи следующей даты с таким же свойством?

8. Бірнеше үндістер мен бозғылтжүзділер дөңгелене тұрды. Оларда өздерінің адамдарына өтірік айту, ал басқа түстілерге шындықты айту қабылданған. Әркім өзінің оң жақтағы көршісіне бұрылып, бір фраза айтады. 8 фразда «Сен – үндіссің» деп, 9 фразда «Сен бозғылтжүздісің» деп айтылды. Үндістер нешеу, бозғылтжүзділер нешеу? Жауапты түсіндіріңіз.

В круг встали несколько индейцев и бледнолицых. У них принято лгать своим и говорить правду людям с другим цветом кожи. Каждый повернулся к своему соседу справа и сказал ему одну фразу. Прозвучало 8 фраз «Ты – индеец» и 9 фраз «Ты – бледнолицый». Сколько было индейцев и сколько бледнолицых? Ответ объясните

9. Вася бірнеше әртүрлі натурал сандар таңдады. Олардың ең кіші екеуінің көбейтіндісі 16, ал ең үлкен екеуінің көбейтіндісі 225. Васяның ойлаған барлық сандарының қосындысы неге тең? Жауапты түсіндіріңіз.

Вася выбрал несколько различных натуральных чисел. Произведение двух самых маленьких из них равно 16, а произведение двух самых больших равно 225. Чему равна сумма всех Васиных чисел? Ответ объясните

10. Тоғыз дос компьютерлік ойын ойнады. Бес бала ойынның жарты деңгейінен өтті, екеуі 3 деңгейінен өтті, ал екеуіне бір-бір деңгейден өту қалды. Балалардың барлықтарының өткен деңгейлерінің санын қосса, онда олар ойынды 5 рет ойнап шыққан болып есептеледі. Ойын неше деңгейден тұрады? Жауапты түсіндіріңіз.

Девять друзей играли в компьютерную игру. Пять ребят прошли в игре половину уровней, двое – по 3 уровня, двоим осталось пройти по одному уровню. Если сложить количество уровней, пройденное всеми этими ребятами вместе, то получится, что они прошли игру ровно 5 раз. Сколько уровней в игре? Ответ объясните



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

5 сынып

1. Электронды сағат сағатты және минутты көрсетеді. Мысалы, таңғы 6-ны 06:00 деп, кешкі 6-ны 18:00 деп көрсетеді. Сағат таблосында тәулігіне неше минут бойы үш нөл көрініп тұрады?

Электронные часы показывают часы и минуты. Например, в 6 часов утра они показывают 06:00, а в 6 часов вечера — 18:00. Сколько минут за сутки на табло часов будут видны ровно три нуля?

2. Ринат 85 тізбектес натурал сандарды жазды. Сонда 365 цифр болды. Ринаттың жазған ең үлкен саны неше? Жауапты түсіндіріңіз.

Ринат выписал 85 последовательных натуральных чисел. Оказалось, что 365 цифр. Какое наибольшее из чисел, выписанных Ринатом?

3. Квадраты екітаңбалы болатын сандардың ең үлкені және кубы үштанбалы болатын сандардың ең кішісі таңдалды. Таңдалған сандардың қосындысы неге тең?

Из чисел, квадраты которых двузначны, выбрали наибольшее, а из чисел, кубы которых трехзначны, выбрали наименьшее. Чему равна сумма выбранных чисел?

4. Кешке кафеде бірнеше достар кездесетін болды. Нәтижесінде жартысы уақытында келді, үштен екісі кешігіп келді, ал төртеуі келмеді. Кездесуге неше дос келді?

Вечером в кафе договорились встретиться несколько друзей. В итоге половина пришла вовремя, две трети оставшихся опоздали, а четверо не пришли. Сколько друзей пришло на встречу?

5. Әсет жазбадағы барлық цифрлары әртүрлі болатын санды *алуан-түрлі сан* деп есептейді. Ол барлық үштанбалы алуан-түрлі сандарды өсу ретімен жазып шықты. 798 саны осы тізімде нешінші орында тұр?

Асет считает число *разнообразным*, если в его записи все цифры различны. Он выписал в порядке возрастания все трехзначные разнообразные числа. Какое по счету в этом списке число 798?

6. Айбек Маратұлының туған күнін – 1987 жылдың 25 маусымын, 25.06.1987 түрінде сегіз цифрмен жазды. Бұл датада бірде бір цифр екі рет қайталанбайтынын байқаймыз. Осындай қасиеті бар келесі датаның жазбасындағы екінші тұрған екі цифр қандай болады?


Дату рождения Айбека Маратовича записывают восьмью цифрами 25.06.1987 — 25 июня 1987 года. Заметим, что в записи этой даты ни одна цифра не повторяется дважды. Какими будут вторые две цифры в записи следующей даты с таким же свойством?



FIZMAT ELEMENTARY MATH OLYMPIAD

7. Квадрат периметрлері тең тіктөртбұрыштарға бөлінген. Тең емес бөліктердің аудандарының айырмашылығы 51. Квадраттың ауданын табыңыз.

Квадрат разбит на прямоугольники равного периметра. Площади неравных частей отличаются на 51. Найдите площадь квадрата.



8. Бірнеше үндістер мен бозғылтжүзділер дөңгелене тұрды. Оларда өздерінің адамдарына өтірік айту, ал басқа түстілерге шындықты айту қабылданған. Әркім өзінің оң жақтағы көршісіне бұрылып, бір фраза айтады. 8 фразда «Сен – үндіссің» деп, 9 фразда «Сен бозғылтжүздісің» деп айтылды. Үндістер нешеу, бозғылтжүзділер нешеу? Жауапты түсіндіріңіз.

В круг встали несколько индейцев и бледнолицых. У них принято лгать своим и говорить правду людям с другим цветом кожи. Каждый повернулся к своему соседу справа и сказал ему одну фразу. Прозвучало 8 фраз «Ты – индеец» и 9 фраз «Ты – бледнолицый». Сколько было индейцев и сколько бледнолицых? Ответ объясните

9. Саудагер базарға барар жолында үш қақпадан өтеді. Әр қақпадан өткені үшін оның ақшасының төрттен бір бөлігін алып қояды. Саудагер базарға 81 монетамен кірді. Саудагердің бастапқы ақшасы қанша болған? Жауапты түсіндіріңіз.

Торговец шел на рынок через трое ворот. Каждый раз за проход через ворота у него забирали четверть имеющихся у него денег. На рынок торговец вошел с 81 монетой. Сколько монет было у торговца в самом начале? Ответ объясните

10. Поезд 60 км/сағ жылдамдықпен келеді. Ол 36 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан поезды қуып жетіп, оны басып озды. Басып озу 5 минутқа созылды, бұл уақытта поездардың кейбір бөліктері бір-біріне қарама-қарсы болды. Жүрдек поездың ұзындығы 900 м болса, жай жүретін поездың ұзындығы неше метр? Жауапты түсіндіріңіз.

Поезд едет со скоростью 60 км/ч. Он догнал поезд, идущий со скоростью 36 км/ч, и начал его перегонять. Обгон продолжался 5 минут, в течение которых какие-то части поездов находились напротив друг друга. Длина быстрого поезда 900 метров. Сколько метров составляет длина медленного поезда? Ответ объясните